«№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қамқоршылық кеңесі отырысының

ХАТТАМАСЫ

18.10.2022ж. **Жаңа Дәулет ауылы**

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп директоры және хатшы

Күн тәртібінде

1. 2021/2022 оқу жылының аяқталуына байланысты қорытынды есеп беруі (Д.Т.Кулмеханова)
2. Аз қамтылған отбасынан шыққан балалармен жасалған жұмыстың есебі (Ш.К.Абыханова)
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:


Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары Тастайбекова Айнұр Елубайқызы күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстыра отырып, кеңес мүшелері жыл бойы өзіне тиісті жұмыстарды атқарып, мецанаттарды барынша көмекке тартқандығын, жыл бойы өткізілген мектепішілік, аудандық деңгейдегі шараларға қатысқандығын атап өтті.

Алғашқы мәселе бойынша мектеп директоры Кулмеханова Дина Тлепбергенқызы 2021/22 оқу жылының аяқталуына байланысты жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқтала отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы 2022 жылғы 03 тамыз №348 бұйрығымен, үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының №№11,16,21,22-қосымшалары бойынша 1-11 сыныптар төмендетілген оқу жүктемесімен, тәрбие жұмысы 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздеріне бағыттала отырып, 8 бағыт бойынша жұмыс жасайтындығын, 16.09.2021 жылғы №472 бұйрығын негізінде орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесінде көрсетілген нысанға сәйкес, мектептің әлеуметтік паспорты мен мектептегі оқушылар туралы мәліметті айта отырып, әлеуметтік педагог, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, оқу ісінің меңгерушілері және педагог-психологтар қамқоршылық кеңес мүшелерімен тығыз байланыста жұмыс жасайтындығын айтып өтті.


Сонымен қатар 2022 жыл бойынша Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне республикалық

бюджеттен бөлінген қаржының игерілуі мен жергілікті бюджеттен бөлінген қаржының игерілуі туралы есебін берді. Ол төмендегі кестеде көрсетілген.

2022 жыл бойынша Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жергілікті бюджеттен бөлінген қаржының игерілуі



2022 жыл бойынша Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне республикалық бюджеттен бөлінген қаржының игерілуі



Екінші мәселе бойынша мектебіміздің әлеуметтік педагогі Абыханова Шарай Көпжасарқызы аз қамтылған отбасы балаларымен жасалған іс-шаралар негізінде атқарылған жұмыстарды ортаға салды. «Мектепке жол» акциясы жыл бойы жүргізілетіндігін айта отырып, аз қамтылған отбасы балаларына жасалатын қамқорлықтың жалғасатындығын ескертті. Бұл атқарылған жұмысты төмендегі кестеден көре аласыздар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес, "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағиданы басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары жасақталды.

Оқушы саны	Ыстық тамақпен қамтылған	Жалғыз ата-ана саны	Ата-ана қамқоршылығынсыз қалғаны	Жартылай жетім	Аз қамтылған	Сотсіз отбасы	Өгей әке-шешемен тұратын	Азаматтық некедегі ата-анамен тұратын	Инклюзив оқушы	Үйден оқитын оқушы
1667	366 оқушы 1сынып-163 оқушы Аз қамтылған-203 оқушы	875	3 отбасы 6 оқушы	35 отбасы 48 оқушы	341 отбасы 635 оқушы	59 отбасы 70 оқушы	25 отбасы 32 оқушы	2 отбасы 2оқушы (Итешбаев Ақылбек 4г, Умарова Альбина 5ә)	8 оқушы (Уристен Ерасыл 3всынып, Керімхан Айару 1 д сынып, Төлеген Жұбаныш 3ғсынып, Бабекбаев Алибек 4д сынып, Ғайни Мирас 5 д сынып, Акулов Темірлан 5дсынып, Новрузбай Али 7 в сынып, Дуйсенбаев Жанибек 9 сынып),	2оқушы (Сағымбаева Әсем 11в сынып, Сапарбаева Ақмарал11а сынып).

«Мектепке жол» акциясы

Мұнайлы аудандық білім бөлімінің 03.08.2022ж.күні № 210-нқ бұйрығы негізінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының жоспары құрылып, акциясы өткізілді. «Мектепке жол» акциясы жыл бойы жүргізіле береді.

Жалғыз оқу қорынан	Облыс маслихат депутаты Салманов Аскар Өтеген ұлы	Дәулет БМСКО меңгерушісі Роза Қайыркуловна	Жеке кәсіпкер Саидов Тимур	«Самұрық Қазына» фирмасы	Көркем еңбек пәні мұғалімі Абдырахманов Өмірбек	Көркем еңбек пәні мұғалімі Бекенов Ораз	Әлеуметтік педагог	Математика пәні мұғалімі Бесимбаева Салтанат	Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Серикбаева Маржанай
348 отбасы 635 оқушы	30 оқушыға сөмке оқу құралдарымен табыс етті. Шамамен 300 мың көлемінде.	30 мың теңге ақшалай	3 оқушыға ер баланың көйлегін 30 мың теңге көлемінде берді.	Мектебіміздің аз қамтылған отбасынан шыққан 1 сынып оқушыларына 100 дана сөмке оқу құралдарымен табыс етті.Әр қайсысы 15 мың теңге көлемінде	Бір оқушыға 25мың теңге қаржылай берді.	7 отбасына азық-түлік 49 мың көлемінде	Екі оқушыға мектеп формасы. 15 мың теңге көлемінде	Киім-кешек 15 мың теңге көлемінде	Бір оқушыға аяқ киім.15 мың теңге көлемінде.

Келесі кезекте ағымдағы мәселелерге тоқтала отырып, 2021/2022 оқу жылына арналған жоспармен таныстырды және шаралар бойынша атқарылатын жұмыстарға тығыз байланыста біріге жұмыс жасап, бір кісідей атсалысу керектігі баса айтылды.

Қаулы

- Игерілген қаржының есебі «Қанағаттанарлық» деп табылсын;
- Аз қамтылған отбасы балаларымен жасалған жұмыс пен «Мектепке жол» акциясы аясында жүргізілген жұмыстарды «қанағаттанарлық» деп танылып, алдағы уақытта да үздіксіз жұмыс жүргізу жақсы деңгейде жасалсын.

Қамқоршылық кеңес мүшелері өткізілген жиналысқа оң пікірлерін білдірді.

Жиналыс хаттамасы мен жүрісін төмендегі сілтеме арқылы және мектебіміздің сайтынан көруге болады.

https://www.instagram.com/p/Cj2zC8PKPyu/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

https://munaily4.edu.kz/kz/

Кеңес төрағасы **О.О.Салманов**

Кеңес хатшысы **А.Қ.Орынбасарова**